

К.Т. Салаева¹

¹Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)

Т.О. Ізім²

²Қазақ ұлттық хореография академиясы
(Астана, Қазақстан)

Д. ӘБИРОВТИҢ «ДОСТЫҚ ЖОЛЫМЕН» БАЛЕТІ

Аннотация

Бұл мақалада балетмейстер Д. Әбіровтің 1958 жылы қойған «Достық жолымен» балеті қарастырылады. Спектакльдің алғашқы 1956 жылғы «Жоңғар қақпалары» нұсқасын сахналау үрдісі айтылып, жаңа қойылымдағы «Достық жолымен» балетінің мазмұнына, хореографиялық және музыкалық тілдеріне талдау жұмысы жүргізіледі.

Кілт сөздер: спектакль, балет, балетмейстер, композитор, Жайнақ, Жәмілә, Сабыр, Құралай, хореографиялық қозғалыстар.

K.T. Salayeva¹

¹Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)

T.O. Izim²

²Kazakh National Academy of Choreography
(Astana, Kazakhstan)

THE BALLET «BY THE ROAD OF FRIENDSHIP» BY D. ABIROV

Annotation

This article examines the ballet «By the road of friendship» to be staged by D. Abirov in 1958. The article covers the process of staging the first version of the 1956 «Dzungar Gate». An analysis of the musical and choreographic language in the content of the new performance of «By the road of friendship» is being conducted.

Key words: performance, ballet, ballet master, composer, Zhaynak, Jamilya, Sabyr, Kuralay, choreographic movements.

К.Т. Салаева¹

*¹Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

Т.О. Ізім²

*²Казахская национальная академия хореографии
(Астана, Казахстан)*

БАЛЕТ Д. АБИРОВА «ДОРОГОЙ ДРУЖБЫ»

Аннотация

В данной статье рассматривается балет «Дорогой дружбы», поставленный в 1958 г. Д. Абировым. В статье рассказывается о процессе постановки первой версии 1956 г. «Джунгарские ворота». Проводится анализ музыкального и хореографического языка в содержании новой постановки «Дорогой дружбы».

***Ключевые слова:** спектакль, балет, балетмейстер, композитор, Жайнақ, Жәмилә, Сабыр, Құралай, хореографические движения.*

Қазақ балеті ленинградтық, мәскеулік және ұлттық хореография шығармашылығы негізінде қалыптасты. Орыс балет өнері ұлттық балеттің бастамасы ретінде оның кәсіби деңгейге жетуіне елеулі ықпалын тигізді.

XX ғасыр кезіндегі қазақ театрының сахнасында ұлттық балеттерді кеңестік хореография өнерінің беделді балетмейстерлері мен дарынды композиторлары жасап шығарды. Олардың білімділігі мен тәжірибесі театр артистерін шабыттандырумен қатар, сол кездегі қарапайым көрерменді балет өнерімен таныстырып, театр репертуарын ұлттық қойылымдармен байытты.

1956 жылдан бастап театр ұжымы «Жоңғар қақпалары» немесе басқа редакцияда жазылған «Достық жолымен» атты жаңа ұлттық балетімен жұмыс жасай бастайды. Бұл балет сол кездердегі жағдайларды суреттейтін қойылым болатын. Балетті жасаған тұлғалар – әнші-актер, режиссер, драматург, Қазақ музыка театрының негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның Халық артисі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, К.Байсейітов (1905-1979 ж.ж.) сценаристі, қосымша авторы ретінде болған мәскеулік композитор Л.Степанов (1908-1971 ж.ж.) және театр суретшісі А.Молдабеков (1924-2011 ж.ж.) болатын.

Қойылым қазақ сахнасының ең ірі майталманы, ҚазКСР-інің еңбегі сіңірген артисі Ю.Ковалевке тиесілі болды. Классикалық балетті жан-тәнімен қолдайтын Ю.Ковалев өзінің жетістіктерін кеңінен танымал ету үшін көп еңбек етті. «Кез-келген балет театры үшін, соның ішінде ұлттық балет театры үшін де бастысы,

классикалық толық нұсқалы репертуардың болуы. Театр мен көрермен осыдан өседі», – дегенді жиі айтатын еді балетмейстер. Қазақ балетінде жұмыс істеген барлық жылдар бойы осы міндетті жүзеге асырып келді. Орыс балетінің алғашқы труппасын құрған да, қазақ көрерменіне «Коппелия» классикалық балетін алғаш таныстырған да осы кісі болатын. Жаңа ұлттық балеттің сценарийі спектакльмен жұмыс басталудан көп бұрын маңызды ескертулер туындатты. Қоюшы-балетмейстердің әлсіз драматургиялық негізі көңіліне қонбады. Сценарийде достық, махаббат және адалдықтың, еркіндік үшін күрестің терең тақырыптары тарихи тұрғыдан дұрыс емес, сендіре алмайтын және үстіртін түрде берілген болатын. Сюжетте мелодраматизм, тұрмыстық іс-әрекеттер тым көп болатын. Л. Степанов партитурасында кейіпкерлердің музыкалық сипаттамалары болмады, онда мелодиканың ұлттық ерекшеліктері сезілмеді. Балетмейстердің көмегімен балеттің драмалық және музыкалық негізі жартылай кемшіліктерден арылды. Көп күш-қайрат жұмсалған, назар салынып, жұмыс жасалған «Жоңғар қақпалары» атты балеттің премьерасы 1957 жылдың 15 шілдесінде болды. Музыкалық-драматургиялық хореографияның жетіспеген тұстарын актерлік табыстар да, би қойылымдарының қызықты хореографиясы да толықтыра алмады. Егер Мәскеудегі қазақ өнері мен әдебиетінің алдағы декадасына дайындық жұмыстары басталмағанда, жаңа балеттің тағдыры қалай қалыптасары белгісіз еді. Театр «Жоңғар қақпалары» балетін таңдағандықтан, Л. Степанов музыкасын қазақтың әйгілі күйші-композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы, ҚазКСР-нің Халық артисі, КСРО Халық артисі, халық қаһарманы Н. Тлендиев (1925-1998 ж.ж.) және театр дирижері, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген артисі Е. Манаев (1910-2001 ж.ж.) жазып аяқтайды. Қоюшы Ю. Ковалев пантомимикалық сахна көріністерін қайта жасап, қазақ билерін редакциялаған биші, балетмейстер, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның Халық артисі Д. Әбіров (1923-2001 ж.ж.) қосылды.

Театрдың репертуарында жаңа бағыт, жаңа жол салу Д.Әбіровке (1923-2001ж.ж.) бұйырды. А. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесін бітіргеннен кейін әскер қатарында болуы және Мәскеу қаласында білім алуы оның артистік өнерін біраз жылға үзіп тастады. Жоғары хореографиялық білім алған Д. Әбіров 1952 жылы елге оралды. Қазақ балет өнерінің алғашқы жергілікті маманы ретінде танылды. Д. Әбіров – қазақ ұлтынан шыққан алғашқы кәсіби балетмейстер [1, 104 б.].

Жаңа қойылымда балет «Достық жолымен» деп аталды және оның алғашқы спектаклі көрермен назарына 1958 жылы 5 шілдеде ұсынылды.

Алайда, драматургия кемшіліктері балеттің осы редакциясында да сақталды. Пролог пен эпилогтың тек бірінші көрінісі ғана қазақ жерінде, қазақ халқының ортасында болды. Уақыт бойынша үлкен бөлігі шетелде, Қытай елінде дамытылды. Мазмұны мен драмалық шешім тұрғысынан тек осы тұсы ғана әлсіз болды.

Бұл кездері Мәскеуде Қазақстан өнерінің екінші онкүндігін өткізуге қызу дайындық жүріп жатқан болатын. Декадаға дайындық процесінде Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театры КСРО-ның Үлкен театры тарапынан шығармашылық қолдау көрді. Декадаға біршама уақыт қалғанда Алматыға хормейстер А. Хазанов, режиссер Г. Анисимов, суретші Б. Волков, дирижер Б. Хайкин келді. Қазақ балетінің жұмысына басшылық ететін балетмейстер, режиссер, КСРО Халық артисі, Қазақстанның Халық артисі, өнертану ғылымының докторы Р. Захаров (1907-1984 ж.ж.) «Бахчисарайский фонтан» балетінің авторлық редакциясын да жаңартты және «Достық жолымен» балетін айтарлықтай қайта өңдеп шығарды. Ең алдымен, ол балет сюжетін жалпы өзгерте отырып, сюжеттегі артық мимикалық мизансценалардан арылтты. Аралық бөлімді анағұрлым нақты бөліп көрсетті, Жәмилә, Ли-Синь образдарын хореографиялық және рухани жағынан дамытты, байытты, хореографиялық көріністерді әлдеқайда жақсартты. Л. Степанов, Е. Манаев және Н. Тлендиевтер қайта жазған музыкадан толық қойылымдық бірлестіктің белсенділіктері көрінді, яғни музыкалық көріністер жақсарылды, жалпы барлық партитураны қайта өңдеді. Р. Захаров, Д. Әбіровтің қойылымдық толықтыруларын қытай билерінің консультанты Ван Си-сиян, қазақ кескіндемешісі, театр және кино суретшісі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстанның Халық суретшісі, «Платинды Тарлан» сыйлығының иегері Г.Исмаилованың (1923-2013 ж.ж.) қайта өңдеуі өз жемісін берді.



Сурет 1. «Достық жолымен» балеті, 1958 жыл
Жәмилә – Р. Тажиева

«Достық жолымен» балеті туралы Қ.Айтқалиева өз ғылыми жұмысында: «Балетте шуақты күнді белгілейтін түрлі-түсті сахналық сәндемелер, дала суреттерімен үндесіп жатқан киім-кешек түстері, ұлттық билердің әдемі іс-қимылдары, бояу, жарық барлығы би мерекесінде астасып жатты. Көне қытайдың билері үлкен шеберлікпен қойылған. Эпилогта ешқандай іс-қимыл, әрекет жоқ. Бұл акт халықтар достығын бейнелейтін үлкен дивертисмент ретінде берілген. Балетте классика мен ұлттық би элементтері үйлесімділік тапты. Әсіресе, композицияның ең қызықты тұсы ұлттық би қимылдарымен ерекшеленген «Қасқыр мен қойлар» би-ойыны болатын», – деп көрсетті [2, 84 б].

«Достық жолымен» атты балеттегі басты әйел бейнесі – Жәмилә есімді кейіпкер және жастар Құралай мен Сабыр. Балеттің басты тақырыбы – ерлік, адалдық пен достық қасиеттер. Осы екі мінездің сипаттары қойылымдағы басты кейіпкерлердің мінездеріне енгізілген.

Балеттің бірінші көрінісі – 1932 жылдағы Алакөл жағасындағы қонысты суреттейді. Осы жерде, жақында ғана ұйымдастырылған колхозда қарбалас тіршілік жүріп жатыр. Сол маңда екі отбасы бір уақытта сәбилі болды. Колхоз басшысы Жайнақ Сарбасовтың жары Жәмилә Құралай есімді қызды өмірге әкелді. Ал, қария Қадырбайдың шаңырағында, қызы Алтынайдың құрсағынан сол күні Сабыр есімді ұл бала дүниеге келді. Екі шаңыраққа бірдей қуаныш келіп, көне дәстүр бойынша Қадырбай өзінің жаңа туған немересі мен сәби Құралайды атастыруға рұқсатын берді. Колхоз жұртында мейрам, еңбекшілер мен Алтынайдың құрбылары оған түрлі сыйлықтар

беруде. Бірақ Алтынай мұнды. Оның осындай күйде отырғанына мазасызданған құрбылары жанына жиналды. Колхоз өңірінде әлі де той. Жайнақ пен оның әйелі Жәмилә жаңа дүние есігін ашқан Құралайды алып киіз үйден шығады. Жұрт олармен амандасып, сыйлықтарын ұсынады, ал сол сыйлықтың ішінде көне сақина да бар. Абзал жар Жайнақ сақинаны Жәмиләнің саусағына тағады. Содан кейін жаңа туылған нәрестелерді атастыру рәсімі өткізіледі. Той үстінде қонысқа, кенеттен басмашылар тобы баса көктеп кіріп келеді. Жайнақ бастаған ұжымшар жұрты оларға қарсы тойтарыс беруге тырысып бағуда. Алайда, басынан аяғына дейін қаруланған басмашылар колхозды жаулап, колхоз игілігін тонап, әйелдерге жәбір көрсетеді. Міне, басмашылардың басшысы Әли, колхоздық құрылысқа деген ашуы қара қазан, ол үйдің «Ленин атындағы колхоз басқармасы» деген жазуы бар тақтайшасын жұлып, аяққа таптайды. Кеңес патриоты Жайнақ бұл мазаққа шыдай алмай, сол тұста, ызаланып тақтайшаны Әлиден тартып алады, ал ашуға булыққан Әли, қанжарын шығарып Жайнаққа қатерлі соққы жасайды. Жәмилә сүйікті жарының қозғалыссыз жатқан денесінің басында еңіреп жылайды. Дүрбелең басталды. Әли сабыр сақтауға тырысуда. Оны тоналған мүлік еліктіреді. Әли тұтқынға түскен әйелдерді қоршауға бұйрық береді. Басмашылар жүгіріп бара жатыр. Олардың бағыты – Қытайға апаратын таулы өткел «Жоңғар қақпалары». Тұтқындар арасында – Жайнақтың денесінен күштеп әкетілген Жәмилә мен қолына сәбилерін ұстаған Алтынай бар. Қатерлі жарақат алған Жайнақ есін жияды. Колхозда қалған Қадырбай оған көмек қолын созады. Осындай сахналық қозғалыспен бірінші көрініс аяқталады.

Екінші көрініс – КСРО мен Қытай шекарасы. «Жоңғар қақпалары» өткеліне жақын жерде орналасқан тау шатқалы суреттелген. Сахнаға басмашылар шығады, олар қазақ тұтқындарын әкетіп жатыр. Олардың арасында балаларымен Алтынай мен Жәмилә да бар. Қытайға шекара аймағының мырзасы Фундзенің рұқсатынсыз басмашыларды өткізбей тұр. Осы жерде басмашылардың басшысы Әли де бар, оған Жәмилә өшпенділікпен қарайды. Ол өзегі өртеніп, ызалана Әлиге қанжармен соққы жасағысы келген, алайда Әли оны жерге қарай лақтырып жіберді. Жәмилә әбден қажыды, бітпес қайғысы артып, әлі қалмаған соң амалсыздан қанжармен кеудесін шаншуға әзір. Бірақ, соңғы минутта Алтынай оның қолынан ұстап өлімнен арашалап қалды. «Артында балаң қалды – сол ендігі өмірің» деп жұбатады. Ақырында, Жәмилә әлсін-әлсін сабырға келе бастайды. Жәмилә Құралайды емірене әлдилейді. Міне, қара бұлт Алтынайдың төбесінен де көрінді. Оған Әли алымсақтық жасап мазасын алуда, «Қаш!» деп шешті Алтынай. Бірақ ойы іске аспай, қолын басмашылар

байлап алды. Жәмилә Әлиден Алтынайды босатуды өтінеді. Алайда, оның тас жүрегі өтінішті елемейді. Сол кезде, Жәмилә байқатпай Алтынайға қанжарын ұстатады. Алтынай қиыс кетті... Әли жарақат алды. Ашуға толы ол Алтынайдан қанжарды жұлып алып, оған қатерлі соққы жасайды. Алтынай құлады. Сөніп бара жатқан бар күшін жинап, ол кішкентай Сабырға қарай еңбектеп барады. Ол оған жалғыз қалған сәбиін ана ретінде аманат етіп кетеді.

Қытай шамдарымен көмкерілген зембілге мінген қытай мырзасы Фундзе көрінеді. Оған Әли басмашылармен тұтқындарды алып Қытайға кіруді сұрайды. Осы ретте Қытай мырзасының алдында сұлу Жәмилә тұр, ол оған көмек сұрап, аяғына құлап өтінеді. Фундзе жас әйелге тәнті. Фундзе Жәмиләны тұтқыннан босатуға көмектесуге әзір. Шекарадан өтуге төлем ретінде Әлиге Жәмиләні сұрайды. Әли келісті. Жәмилә балаларына қарай қолын созып оларсыз ешқайда бармайтынын білдірді. Қытай мырзасы оларды Жәмиләға әкелуді бұйырады. Мырза Жәмиләмен балаларын алып, Қытайға қарай жол жүреді, олардың артынан басмашылар еріп барады.

Үшінші көріністің бірінші сахнасы – губернатор үйіндегі жазғы бақ. Фундзе Чай Канши әскеріндегі америкалық басшылықтың өкілі келуіне орай кеш ұйымдастырып жатыр. Олардың арасында гоминьдандық (Қытайда болған ұлтшыл жер иелері партиясы) генерал бар. Жәмилә сол қалпы сұлу, өзінің ару қызы Құралай мен бауырына басқан баласы үшеуі осы жерде қызмет етіп жүр. Концерт басталды. Қытай қыздары шәлімен өнер көрсетуде. Одан соң әдемі билер орындалып жатыр. Қонақтардың қызығушылығын Құралай мен Сабырдың орындауындағы көне қытай халқының «Махаббат айқасы» биі туғызды. Фундзе қонақтарды баққа шақырады. Генерал, Америка азаматы және Фундзе оңаша қалды. Алдарында әскери - стратегиялы карта. Қастарына адъютант келіп, американдыққа аса маңызды хабарлама әкелді. Телеграмма американдық пен генералдың қуанышын туғызды. Олар бокал соғыстырады. Америка азаматы «буги-вуги» биін билеп бастайды. Фундзе мен генерал Америка азаматының биіне еліктеп билеуде. Америка азаматы белгісімен Фундзе телеграмманы құпия бөлмеге жасырады. Олар баққа қарай беттейді. Жәмилә құпия бөлмеге қарай барып, телеграмманы кеудесінде жасырды. Жәмиләнің алдынан Құралай мен Сабыр шығады. Олар анасымен көңілді ойнап, би билеп жүр. Бірақ қазір Жәмиләның ойы телеграмма болып тұр. Ол телеграмманы Ли-Синьге беруге асығады.



Сурет 2. «Достық жолымен» балеті, 1958 жыл
Құралай – С. Кушербаева,
Сабыр – Г. Акжанов

Құралай мен Сабыр оңаша қалды. Жастар бір-біріне ғашықтық сезімін «adagio» биімен жеткізеді. Олар мәңгі бірге боламыз деп серт берді. Ал би қозғалыстары олардың бақытты жастық шақтарын бейнелейді. Жәмилә Ли-Синьге телеграмманы тапсырды. Бірақ, кенеттен, Америка азаматы келіп қалып, күдікті әрекеттерді байқап, бағананың артына жасырынады. Ли-Синь Жәмиләнің тапқан затына абыржулы. Ол Жәмиләға маңызды қызмет атқарғандығына алғысын білдіреді. Америка азаматы не болғанын түсініп тұр. Оның бойын ашу кернейді. Құралай Америка азаматын көріп, Ли-Синьді жасыруға тырысады. Бірақ кеш – Америка азаматының қолында тапанша. Ол Ли-Синьді көздейді. Бірақ Жәмилә Ли-Синьді кеудесімен жауып үлгереді. Оқ атылды. Оқ төбеге қарай кетті. Артынан келіп қалған Сабыр, Америка азаматының қолын тартып жіберді. Жерде демсіз жатқан Америка азаматының денесі, жанында қанжар жатыр. Америка азаматының жоқтығына мазаланған генерал мен Фундзе жүгіріп келді. Генерал Сабырды тұтқынға алуға бұйрық береді. Жәмилә Америка азаматының өлімін өз мойнына алуды шешті. Ол Фундзе мен генералдан Сабырға аяушылық танытуды өтінеді. Генерал Жәмиләні тұтқынға алуды бұйырады. Жәмиләні алып кетеді де, артында қалған Құралай еңіреп жылайды. Бөлмеден әлсіреп Ли-Синь шығады. Тек өздері қалғанына көз жеткізіп, Құралайға көңіл айтады. Қытайға халық-азаттық армиясы таяп келеді. Сабыр Құралаймен қоштасады. Ли-Синьмен бірге халық-азаттық әскерінің қатарына кетеді.

Екінші сахна – түрме көрінісі. Бұл жерде Жәмилә отыр. Басынан өткеннің бәрінен әбден шаршаған ол ұйқыға кетті. Жәмиләға

өз ауылы көрінеді. Түрмедегі анасын көру үшін Құралай қарауылға ақша беріп, амалын тауып кіреді. Құралайдан кейін сарбаздар, Фундзе, генерал Жәмиләға жолығады. Бұл жерде сот пен баскесер де бар. Сот Жәмиләны өлім жазасына кеседі. Жаза бойынша ол у ішуі керек. Баскесер оның алдына уы бар кесені қояды. Құралай анасының жанын сақтауды жалбарынып сұрайды. Бірақ бәрі бекер. Міне, удың соңғы тамшысы ішіліп бітті. Өлім аузында жатқан Жәмилә қызымен қоштасады да, әкесінің сыйлаған сақинасын өзінен естелік ретінде Құралайдың қолына тағады.

Төртінші көрініс – көрермендердің алдында «Жоңғар қақпалары» көрсетілген. Бұл жерде бәрі өзгерген. Екі үлкен ірі мемлекеттер Қытай мен КСРО-ны қысқа жол қатынасын жасауға мүмкіншілік беретін рельстің соңғы күшейтпелі жұмысы жүріп жатыр. Бұл жерде екі үздік құрылыс бригадасы жарысып жатыр: Кеңес жағынан Жайнақ Сарбасов және қытай жағынан Ли-Синь. Ли-Синнің бригадасында Құралай еңбек етеді. Әкесімен баласы бір бірін білмей жарысып жатыр. Халық қуанышты көңіл күйде. Жастар аңдаусыз би билеуде. Бұл жерде орыстың кадрили, қытайдың, қазақтың, ұйғырдың биі орындалып жатыр. Құралайдың биіне тәнті болған Жайнақ тамаша орындауына алғысын білдіруге жақындайды. Бойжеткен еленбейтін тұстарымен оған Жәмиләні есіне түсіреді. Жайнақ Құралаймен қол алысады. Сол кезде, кенеттен Құралайдың қолынан әйеліне сыйлаған сақинасын байқап қалады. Сол сәтте, өткен кездер еске түседі. Ал енді міне, Құралай осы бір шақта қызын тапқан әкесінің ыстық құшағында. Құралай әкесін Сабырмен таныстырады. Жайнақ екі жасты қосып, ақ батасын береді. Қытайдың да, кеңес жағынан да бір-біріне қарама-қарсы тепловоз жылжиды. Екі халықтың салтанаты болып, екі жақын халықтың берік, мәңгі достығын баяндайтын балет осылай аяқталады [3, 90-93 бб.].

«Достық жолымен» балеті туралы жазбаша деректер жеткіліксіз болғандықтан, бұл балетті талдауда біз Л.Сарынованың еңбегіне жүгінеміз. Оның жазып кеткен тұжырымы бойынша: «Қойылымның бірінші актідегі екінші көрінісінің өзінде-ақ балетте іс жүзінде әсерлі би болмады. Алтынай мен Әлидің аздаған адажиосын қоспағанда, таза пантомима жүріп отырды. Екінші актіде де мимикалық көріністер көп қолданыс тапқан. Екінші актінің концерттік дивертисменті расында бүкіл спектакльдің ең жарқын бөлігі болды. «Махаббат күресі» атты ежелгі қытай биі, тірілген «мүсін» биі, көбелектерді бейнелейтін қызықты билер шеберлікпен қойылды. Осы дивертисменттің бір кемшілігі – би, қимылдары көріністерінің мазмұны балет драматургиясына мүлдем сәйкес келмеді. Екінші актінің үшінші көрінісі – түрмедегі көрініс. Бұл

жерде пантомимикалық мизансценалардың аясында Жәмиләнің орындауында – кейіпкердің образын ашатын вариациясы жүріп отырды. Үшінші акт эпилогты құрастырмай, бүкіл актінің негізгі ойы халықтар достығы болып табылатын үлкен дивертисмент ретінде шешілді», – деп көрсетті [4, 95 б.].

Балеттің либреттосы Р.Глиэрдің «Красный мак», Б. Асафьевтің «Пламя Парижа» секілді классикалық балеттердің драматургиясына ұқсас келіп, екінші және үшінші актілер хореографиялық қозғалыстардан гөрі пантомималық көріністерді құрастырды. Көріністер өлім, атыс-шабыстарға толы болды. Жәмиләнің жары Жайнақ өлім аузында қалды, Алтынай өлтірілді, Жәмилә уланды, эпизодтық персонаждарды айтпағанда, генерал да өлтірілді. Кейіпкерлер арасындағы шиеленіс өте дөрекі түрде суреттелді. Осы бөлімнің бір жақты сипаты, оның әрленуі, бейнелерде мазмұнның болмауы және балеттің басқа да компоненттерінен көрініс таппай қоймады.

Балет музыкасында бірыңғай стиль, нақты музыкалық композиция, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын суреттеудегі анықтылық сезілмеді. Өзара аздап байланысатын жекелеген эпизодтар, табысты мелодиялық жаңалықтар күңгірт бояулы музыкадан көрінбей қалды. Балеттегі билер мен либретто өздігінен бөлімнен тысқары қалып қойды. Олар сирек, яғни тек тұрмыстық ойын-сауық ретімен ғана туындап тұрды. Аяқталған және көрнекті сюжеті бар бірінші бөлімнің бірінші көрінісі ең қызықты әрі табысты болды.

Балеттің сахналық безендірілуі бұлтсыз шуақ күнді суреттейтін қызылды-жасылды анық бояулардан тұратын декорациялардан құрастырылды. Костюмдердің түстері сахнаның әсем көріністерімен үйлесім тапты.

Спектакльдің хореографиясында қазақ би лексикасының колориті, дене пластикасының көркемділігі кездесіп, жалпы айтқанда ұлттық билердің нақышталуы байқалады. «Қасқыр мен қойлар» композициялары ерекше ойынмен, қызықты би тәсілдерімен айрықшаланып тұрды. Классикалық би мен ұлттық ойындар фольклоры керемет астасып, ерекше хореографиялық көріністерді құрастырды [4, 96 б.].

Декаданы қазақ хореографиясының есею емтиханы ретінде бағалай отырып, балет ұжымы үлкен жауапкершілікпен дайындалды. Шебер режиссер, талапшыл балетмейстер Р. Захаров қазақ балетінің деңгейін айтарлықтай көтерді. Ол көпшілік билер көрінісінде қатысушылардың санын арттырды, спектакльдің хореографиялық тілін байыта отырып, костюмдер мен декорацияларды жаңартты.

Бишілерден образбен ойланып жұмыс істеуді, би тазалығы мен еркіндігін, орындаудың белсенді мақамын талап ете отырып, Р. Захаров көп жұмыс істеді [4, 97 б.].

«Достық жолымен» балеті қазақ ұлттық хореография өнерін қалыптастыруда үлкен роль атқарғаны сөзсіз. Біріншіден, ұлттық балетке сюжет боларлық шығармалардың бар екеніне көз жеткізсе, екіншіден, кәсіби мектептің керектігін білдірді.

Әдебиеттер:

1. Ізім Т.О. Өркені өскен би өнері (отан және шетел хореографиясы тарихы): Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2009. – 136 б.
2. Айтқалиева Қ.Д. Балетмейстер Дәурен Әбіровтің шығармашылық мұрасы: өнертану ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 2007. – 126 б.
3. Генералова И. Либретто оперных и балетных спектаклей композиторов Республики Казахстан. – Алматы, 1995. – 194 с.
4. Сарынова Л.П. Балетное искусство Казахстана. – Алматы: Наука, 1976. – 176 с.

References:

1. Izim T.O. *Orkeni osken bi oneri (otan zhane shetel horeografijasy tarihy): Oqu quraly.* – Astana: Foliant, **2009.** – 136 b. *(In Kazakh.)*
2. Aytqaliev Q.D. *Baletmeister Dauren Abirovtin shygarmashlyq murasy: onertanu gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertacijasy.* – Almaty, **2007.** – 126 b. *(In Kazakh.)*
3. Generalova I. *Libretto opernyh i baletnyh spektaklej kompozitorov Respubliki Kazahstan.* – Almaty, **1995.** – 194 s. *(In Russ.)*
4. Sarynova L.P. *Baletnoe iskusstvo Kazahstana.* – Almaty: Nauka, 1976. – 176 s. *(In Russ.)*